



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

**РОЭК ОӘБ мәжілісі аясындағы
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН
ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» АТТЫ
47-ШІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

26-27 қаңтар 2017 жыл

4 КІТАП

**МАТЕРИАЛЫ
47-ОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ УНИВЕРСИТЕТОВ»
в рамках заседания УМО РУМС**

26-27 января 2017 года

КНИГА 4

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-ФАРАБИ



РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» атты
47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 қаңтар 2017 жыл

4-кітап

МАТЕРИАЛЫ
47-ой научно-методической конференции
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ
УНИВЕРСИТЕТОВ»
в рамках заседания УМО РУМС

26-27 января 2017 года

Книга 4

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Смағұлов С. ҰЛЫ ДАЛА БАТЫРЛАРЫНЫҢ ЕРЛІГІ ҮЛГІСІНДЕ ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІКЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	257
Сүлейменов П.М. ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	259
Тасилова Н.А., Ахметжанова А.Т. "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ" КУРСЫН ОҚЫТУДА КӨРНЕКІЛІК ӘДІСТЕР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ТҮРҒЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	261
Тасыбекова З.Е., Тілеужанова Г.Т. ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСІМЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	263
Таусоғарова А.Қ., Исмайлова Н.А. МӘТІНДЕР КОРПУСЫН ҚҰРУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛЕРІ.....	266
Ташикенбаева Б.Ж. ШЫҒЫС ТІЛДЕРІ МЕН ТАРИХЫНЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК БАҒЫТТЫ ДАМУДАҒЫ КІТАППЕН ҚАМТУ ЖОЛДАРЫ.....	268
Товма Н.А. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЛЕКЦИЙ И СЕМИНАРСКИХ ЗАНЯТИЙ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.....	270
Тойғанбекова М.Ш., Наралиева Р.Т., Амирова М.Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	272
Токкарина А. БАТЫС ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ЖАПОН ИЕРОГЛИФТЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ.....	273
Торманов Н., Атанбаева Г.Қ.	275
ЖАНУАРЛАР ФИЗИОЛОГИЯСЫ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ АРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫН АШЫП КӨРСЕТУ ОҚУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	275
Төреханова Б., Мукашева Ж.У., Бекпишева Р.М. «ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ».....	277
Түлеуханов С.Т., Аблайханова Н.Т., Құлбаева М.С., Швецова Е.В. МЕНЕДЖМЕНТ УНИВЕРСИТЕТА И ПРОБЛЕМЫ СОСТАВЛЕНИЯ РАСПИСАНИЯ УЧЕБНЫХ ЗАНЯТИЙ.....	280
Тұрғынбаев Е.М., Бейсегүлова А.Қ. «ТАРИХИЛЫҚҚА ДЕЙІНГІ АДАМЗАТ ЭВОЛЮЦИЯСЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ АЛҒАШҚЫ ТҮРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	281
Умбетъярова Л.Б., Адилова М.Т., Даниярова А.А., Белходжаев А.А. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АМАЛДАР.....	282
Унербаева Р.У. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ПӘНІН ЖҮРГІЗУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	283
Усенбекова А.Е. ОДНА ИЗ АКТУАЛЬНЫХ ЗАДАЧ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ: ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕЖПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЕЙ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ.....	285
Хамитова М.Н. САБАҚҚА «SMART» ӘДІСІ БОЙЫНША МАҚСАТ ҚОЮДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	286
Хибина Н.Н. ЖОО-НЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ КӘСІБИ ЖЕТІЛДІРУДІ ҮЛГІЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	289
Цой Ми Ок ИНТЕРАКТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК СОВРЕМЕННОЕ НАПРАВЛЕНИЕ АКТИВИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА.....	291
Шалгинбаева С.Х. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ И ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДИСЦИПЛИНЫ «ЭТНОГРАФИЯ НАРОДОВ МИРА».....	292
Шартаева М.Д. ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТЫ ДАЯРЛАУДА ИННОВАЦИЯ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ БАЙЛАНЫСТЫРУ ӘДІСТЕРІ.....	294
Шыныбекова А.К. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	296
Ыбырайымова С. С., Есмаханова Қ.Р., Тапеева С.Қ. ИНТЕГРАЛДЫ ТАРТЫМДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ.....	297
Ыдырыс Ә., Көшікмбаев Қ.С., Басығараев Ж.М., Аблайханова Н.Т. «ҚАЗІРГІ ЖАРАТЫСТАН ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ» ПӘНІНІҢ (БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫ БОЙЫНША) МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	299

жиен-нағашы туыстық жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталып кетуге болады. Авункулат – адамның өсиетімен бауырларымен ерекше қарым-қатынас байланыстылығын білдіретін тәртіптер жиынтығы болып табылады. Осының негізі болып аналық туыстық жүйеден аталық туыстық жүйеге өту кезеңі тікелей емес, өйткені екі туыстық формалар арқылы жүзеге асты. Бұл жүйені студенттерге түсіндіру барысында матрилокальды немесе патрилокальды туыстық және мұрагерлік жүйесі сақталып қалды. Бұл бізге белгілі авункулатын кең түрде дамыған қоғамда қалыптасуына алып келді. Бұл уақытта әйел күйеуінің тобында қоныстанса, оның балалары әкесіне руына жатпады, белгілі бір жасқа жеткенде анасының руына қайтып оралды. Бұл жерде олардың ең жақын руы анасының бауыры болып табылды, ал оның балалары жоғарыда айтылған себептерге байланысты аналарының руына қоныстанды. Жиендері нағашысында тұрды, шаруашылығын жүргізді, мұрагерлік табылды және осында қалыңдығын алып келді. Ата-анасы және балаларынан емес, нағашылары мен жиендерінен тұратын жаңа отбасы – авункулаттық отбасы пайда болды. Бұл тәрбие беру тұрғысынан қалдығы ретінде этнографтар балаларын басқа отбасыда, әсіресе нағашыларында тәрбиелеу әдет-ғұрпын алеуттерде, моңғолдарда, түркі халықтарында, Кавказ халықтарының кейбіреулерінде, славян халықтарында, кельттерде, германдықтарда кездесетінін атап көрсетеді. Бұл әдет-ғұрыптың авункулатпен байланысты басымырақ екенін атап көрсетуіміз қажет. Осы орайда, студенттерге дәстүрлі қазақ қоғамында өмір сүретін нағашы-жиен қарым-қатынасындағы әдет-ғұрыптар арқылы бұл мәселені түсінуде әдістеме ретінде көрсетіледі болады. Мысалы, меншік мәселесі бойынша, қазақ халқында кездесетін «жиеннің нағашысында қалған бала серкеші бар», тәрбие мәселесі бойынша, «жігіттің жақсы болуы – нағашысынан» және т.б. мақал-жырадағы нағашы-жиен туыстық қатынастарының ерекшеліктерін байқауға болады.

Жоғарыда көрсетілген аз ғана мысалдар арқылы «Тарихилыққа дейінгі адамзат эволюциясы» және оқытудағы дәстүрлі дәстүрлі қазақ қоғамында кездесетін некелік-отбасылық, тәрбиелік, дағдылық құбылыстарды әлемнің басқа халықтарында кездесетін әдет-ғұрыптармен байланыстыра отырып, студенттердің шығармашылық қабілеті мен мүмкіндігін арттыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алексеев В.П. Становление человечества. М., 1984.

2. Семенов Ю.И. Происхождение брака и семьи. М., 1974.

3. Кисляков Н.А. Исследование и раздел имущества у народов Средней Азии и Казахстана. Л., 1977.

4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы: ДРЭ, 2001. 3-ші басылым. 736 б.

Умбетьярова Л.Б., Адилова М.Т., Даниярова А.А., Белхаджаев А.А.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АМАЛДАР

Қоғамның дамуының заманауи кезеңі жұмыс түрлерінің барлық саласында ақпараттық және тек байланыс технологияларының қарқынды енгізілуімен сипатталады. Ақпараттық технологиялардың ауқымды өсіп келе жатқан көптеген кәсіби міндеттерді, соның ішінде білім беру саласында тиімді шешуге мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндіктерді білімді түрде пайдалана алу шарттарының бірі жоғарғы оқу орындарында студенттердің ақпараттық білім мен тәжірибелік дағдыны алуы болып табылады, осыған байланысты білім беру ақпараттық жүйесінде сенімді түрде бағыт алуға мүмкіндік береді.

Білім беру үрдісінің сапасы және білім беру үрдісін дамыту оқытушылардың кәсіби деңгейіне тікелей байланысты болып табылады. Қазақстанның білім беру жүйесі алдына елеулі мақсат қойып отыр: мамандарды даярлау сапасын жоғарылату, халықаралық кластағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау сапасын жоғарылату. Сондықтан бүгінгі уақытта өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

Сабақ берудің жаңа әдістерімен енгізу әрбір студенттің сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, сонымен бірге, еңбектің оқу нәтижесіне білімнің беделін және жеке жауапкершілігін жоғарылатып.

Бұндай әдістерге case-study (нақты жағдай әдісі) ағылшын сөзінен алғанда case – оқиға, ситуация – нақты жағдайды шешу жолдарын оқытуға негізделген белсенді мәселелік жағдайлық талдау әдістемесі (case-study) немесе CBL (cased-based learning) әдісі [1,2,3,4,5].

CBL-әдіс бірнеше кезеңдерден тұратын дағдыларды жетілдіру үшін және тәжірибе алу үшін тағайындалған.

1. Қойылған мәселені анықтау, тандап алу, және шешу;
2. Берілген ақпаратпен жұмыс істеу - жағдайлық есепте берілген бөліктер маңыздылығына қарап;
3. Жүргізілген жұмыстар ақпараттылығы мен дәлелдерін талдау және синтездеу;
4. Болжамдар мен қорытындылармен жұмыс істеу;
5. Топтық жұмыста шешімдерді, дағдыларды қабылдау;

Кейс-әдістің негізгі қызметі-талдау тәсілі арқылы шешу мүмкін емес болып табылатын, құрылымды, күрделі мәселелерді шешуге студенттерді үйрету. Кейс-жағдайларды шешу топтарда студенттердің жауапкершілік белсендендіре түседі, талдамалық және коммуникативтік қабілеттіліктерін жетілдіре түседі [3,5,6,7,8,9].

Зерттеу материалдары мен әдістері Практикалық сабақтарды жүргізу технологиясы ретінде қолданылатын оқытудың CBL-әдістемесі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де медициналық факультеттің анатомия кафедрасында 3 курс студенттерінің арасында жүзеге асырылды. Сабақ тақырыбы: Адамның қозғалыс залалсыздығын гигиеналық бағалау. Тамақтан улану жағдайлары.

Сабақты жүргізу әдістемесі мынадай бөлімдерден тұрды:

1) кіріспе бөлімі (бұнда оқытушы жүргізуші, яғни басымды рөл атқарады, сабақтың тақырыбы мен оның құзіреттіліктерге байланысты құрылған құзіреттіліктерін оқып шығады, әдістің сипатталуы, жұмыстың одан қарай өрбу кезеңдері, студенттерге жағдайға байланысты есептерді үлестіру);

2) есептен әрбір студент өз бетінше жұмыс істейді (студенттер берілген кесте бойынша мәтінмен жұмыс істейді- мәтінді оқу, жағдайлық есепке талдау жүргізеді);

3) әрбір топта жағдайлық есептерді шешіп, оған талдаулар жүргізіледі (әрбір командада қатысушыларды топтарға біріктіру, есептің басым мәселесі көрсетіліп, сипатталған жағдайдың біріншілік себептері анықталынады, осы есепті шешуге ең оптималды амалдары тандалынып, берілген шешімге пікір қосып, қорытынды береді, сонымен бірге, топ жұмысының нәтижелері даярланады;

4) әрбір топтардағы пікір-таластарда әрбір топтың өкілдері өзінің талдаулары бойынша сөз алады;

5) топ бойынша сабақ қорытындысын жүргізу-оқытушы негізгі қорытынды бойынша баға береді. Сондай ақ, пікір-талас кезеңінде мән берілмеген, талқыланбаған сәттерге тоқталады.

Студенттерден кері байланыс мынадай түрде болды: студенттерге үш сұраққа жауап беру ұсынылды: «Оқытудың бұндай түрі сізге ұнады ма?», «Бұл сабақтан Сіз қандай ой түйдіңіз?». Осы әдістің артықшылығы ретінде мынадай көрсеткіштері аталынды: тәжірибемен алмасу мүмкіндігі, топпен тығыз қарым-қатынаста болу, жауапты дұрыс қалыптастыра білу, коммуникативтік қабілеттіліктердің дамуы, әрбір топтың өз пікірлерін еркін түрде айта алуы, ойлаудың логикалық қасиеттерінің жұмылдырылуы, әріптестік дағдыларының даярлануы;

Осылайша, жүргізілген зерттеу барысында студенттердің басым бөлігі мәселелік жағдайлық есептерді шешу бойынша жүргізілген сабақ түрі ұнағандығын көруге болады. Мәселелік жағдайды шешу әдісі заманауи инновациялық әдіс ретінде, студенттің ой пікірін белсенділігін жоғарылататын оқыту құралы ретінде дәлелденді. Студенттерді тақырып материалын тереңірек түсіну етінде, ойын түрінде өткізудің таптырмайтын бірден бір құралы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Martinez-Garcia A., Morris S., Tscholl M. et al. Case-Based Learning, Pedagogical Innovation, and Semantic Web Technologies // Journal: IEEE Transactions on Learning Technologies. – 2012. – Vol. 5, N 2. – P. 104-116.
2. Claus Andreas Foss Rosenstand Case-Based Learning. - Encyclopedia of the Sciences of Learning. – 2012. – P. 503-506.
3. Brown K., Commandant M., Kartolo A. et al. Case based learning teaching methodology in undergraduate health sciences // Interdisciplinary Journal of Health Sciences. - 2011. – Vol. 2. – P. 47-65
4. Bunmi S. Malau-Aduli, Adrian Y.S. Lee, Nick Cooling et al. Retention of knowledge and perceived relevance of basic sciences in an integrated case-based learning (CBL) curriculum // BMC Medical Education. - 2013, October. – Vol. 13. – P.139.
5. Nordquist J., Sundberg K., Johansson L. et al. Case-Based Learning in Surgery: Lessons Learned // World Journal of Surgery. - 2012, May. – Vol. 36 (5). – P. 945-955.
6. Nair S., Shah T., Seth S. et al. Case based learning: a method for better understanding of biochemistry in medical students // J. Clin. Diagn. Res. – 2013, August. – Vol. 7(8). – P. 1576-1578.
7. Tayem Y.I. The impact of small group case-based learning on traditional pharmacology teaching // Sultan Qaboos. Univ. Med. J. – 2013, February. - Vol.13 (1). – P. 115-120
8. Сарсенбаева С.С. Активные методы обучения в медицинском ВУЗе: учебное пособие // С. Сарсенбаева, Ш. Рамазанова, Н. Баймаханова. – Алматы, 2011. – 44 с.
9. Шапиева А. С., Магомедова П. К. Применение игровых технологий в процессе обучения // Евразийский Союз Ученых (ЕСУ). – «Педагогические науки». – 2015. – № 10 (19). – С. 70- 72.

Унербаева Р.У.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ПӘНІН ЖҮРГІЗУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Соңғы уақытта ұзақ мерзімге негізделген бәсекелестік жағдай аясында қызмет етуге бейім стратегияның мағынасы артып келеді. Барлық компаниялар қатал бәсекелестік және жылдам өзгеріп отыратын сыртқы орта жағдайында тек компанияның ішкі жағдайына ғана бейімделетін емес, сонымен қатар сыртқы ортаның өзгермелі факторларына тез бейімделе алатын ұзақ мерзімді стратегия құрастыруға басты назарын аударуда.

Жаңа сұраныстардың пайда болуы, тұтынушылар құрамының өзгеруі, шектеулі ресурстарға бәсекелестіктің артуы, бизнестің жаһандануы заманауи компаниялардың менеджерлерін басқарудың тиімді әдістерін, яғни қысқа мерзімді табыстылықты көздеуден ұзақ мерзімге бағытталған стратегиялық басқару әдістерін қолдануға итермелеп отыр.

Сонымен қатар стратегиялық басқарудың мәнін күрт жоғарлатуға бизнес үшін жаңа күтпеген мүмкіншіліктердің пайда болуы, ақпаратты жедел түрде қабылдау мен жеткізу оны оңдеу желілердің қарқынды дамуы, қазіргі заман инновациялық технологияларының қолжетерлілігі, адам ресурстары маңызының өсуі және тағы да басқа себептер өз үлестерін қосып отыр.

Стратегиялық басқарудың теориялық негіздерін тәжірибе жүзінде қолдануға қарқын бергендердің ішінен ең алдымен – «Бостон Консалтинг Групп», «Мак Кинзи», «Артур Д.»Литтл сияқты кеңес беруші компаниларды атап өткен жөн. Стратегиялық даму мәселелерін шешу бойынша жаңа әдістерді табу, алғаш болып стратегиялық жоспарлау мен басқарудың жаңашыл құралдарын пайдалану олардың атауларын танымал брендке айналдырды.

Стратегиялық басқарудың ресми туған күні 1973 жыл деп есептесе болады, сол жылы Нэшвиллда (АҚШ) алғаш рет стратегиялық менеджмент бойынша халықаралық конференция ұйымдастырылды. Осы кезден бастап